

4. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис / Ред. Е. Жанпейісов. – Астана: Астана-Полиграфия, 2002. – 783 б.

5. <https://ulagat.com/2020/08/12>

Алмасова Сайран, Әбілқайыр Аңсаған
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор С.А.Кенжеғалиев

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ БЕЙВЕРБАЛДЫ КОММУНИКАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ

Бейвербалды коммуникация мәселесі ғылыми тұрғыда қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдан бері қарастырылып келеді. Айталық, адамдар арасындағы ақпараттық қарым-қатынастың тілсіз де жасалатыны М.Жұмабаев пен Ж.Аймауытовтың назарынан тыс қалмады. Не дегенмен, коммуникативтік актідегі бейвербалды амалдардың мүмкіндігі жайлы алғашқы көзқарастар осы кезеңге тиесілі. Бұған, екіншіден, профессор Қ.Жұбановтың: «Ақпарат алмасудың «басқа амалдары бар» дегеніміздің мәнісі мынау: сүгрет арқылы көп оқиғаны білдіруге болады. Әр алуан дабылдар (сигнал) мезгілді, келе жатқан жақсылық, жамандық жайларынан жұртты хабардар етеді» [1, 125], – дегеніне қарап көз жеткіземіз. Кейіннен бұл мәселе арнайы түрде Б.Момынова, М.Мұқанов, С.Татубаев, С.Бейсембаева, Ж.Нұрсұлтанқызы, М.Ешимов, Ж.Өмірәлиева, С.Мағжан, Қ.Қажығалиев, А.Мұратовалардың зерттеу нысанына ілікті. Онан басқа ғылыми мақала көлемінде жарық көріп жатқан шағын зерттеулер де бар. Қарым-қатынас жасаудың тілден тыс құралдарын зерттеудің қазақ лингвистикасы үшін қаншалықты маңызды екені осыдан-ақ аңғарылса керек. Осы ретте Б.Момынова мен С.Бейсембаеваның: «Дене тілі, ым мен ишарат – тілдің әлеуметтік, психологиялық лингвистика сынды салаларының фактілерін салыстыра отырып, кешенді зерттеуге қол жеткізуге болатын, қазақ тіл біліміндегі теориялық тұғыры әлі толық анықтала қоймаған жаңа сала. Кейбір ым мен ишараттың тұтас сөйлем немесе сөз, фраза орнына жұмсала беретінін ескерсек, қазақ тілінің лексика, синтаксис және фразеология, семантика салаларын зерттеуде әлі толық пайдаланылмаған, бірақ пайдаланылуға тиісті материал екені айқындалып шыға келеді» [2, 7], – деген пікіріне ден қоймаса болмайды.

Паралингвистика термині ғылымда америкалық ғалым А.Хилдің есімімен белгілі. Бұл термин (грекше *para* – маңында және лингвистика) а) сөйлеу хабарламасына ене отырып, вербалды амалдармен бірге мазмұнды ақпарат беретін бейвербалды амалдарды зерттейтін тіл білімінің бөлімі; ә) сөйлеу коммуникациясына қатысатын бейвербалды амалдардың бірлігі [3, 264]. Бұл термин грек тілінен аударғанда «қасында», «жанында» деген мағына білдіреді. Яғни тілдің айналасындағы (коммуникация кезінде) кез келген амал, қозғалыс осы паралингвистиканың нысаны болады [2, 5].

Бейвербалды амалдардың тілдік қарым-қатынастағы орны мен қызметі жөнінде зерттеген ғалымдар пікірі де осыған саяды. Ғалым Ф.Оразбаева: «Кез келген қатынас әр түрлі бейвербалды амалдармен жүруі мүмкін», – дегенді айтады [4, 12]. Соңғы жылдары бейвербалды амалдар қазақ тіл білімінде арнайы диссертациялық зерттеуге де нысан болды. Мұны жалпы коммуникация мәселелерін зерттеушілер де айналып өтпеді. Айталық, зерттеуші К.Кенжеқанова: «Коммуникация үдерісінің мәнін түсіну үшін тек қана сөйлесім үдерісін ғана емес, сонымен қатар коммуникацияға қатысушы коммуниканттардың өзара арақатынасын да зерттеген дұрыс болады» [5, 20], – дей келіп, коммуникативтік актінің тілмен ғана емес, сонымен бірге бейвербалды амалдармен де жүзеге асатынын көрсетеді.

Сонымен, тіліміздегі бейвербалды амалдар қарым-қатынас құралы да бола алады. Бұл жөнінде ғалым Ф.Оразбаева келесі бір еңбегінде: «...семиотикалық таңба-белгілерден өзгеше адамдардың ыммен түсінісуі және көздің, ауыздың, қабақтың қимыл-қозғалыстары мен жалпы бет-әлпеттің өзгеруі арқылы ұғынысуы сияқты қаншама көп белгілер бар. Тіптен дене мүшелерінің (қолдың, аяқтың, иықтың т.б.) әр түрлі қимыл-әрекетінің өзін неше саққа

жүгіруге болады», – деген [6, 41]. Расында, екі ұлттың бір-бірінің тілін түсінбейтін өкілі түрлі қимыл-қозғалыс арқылы біршама ұғынысуына болады. Мұндайда олардың дауыс ырғағы, дене қозғалысы, бет қимылдары айтарлықтай маңызға ие. Ең бастысы, қандай да бір ақпараттың берілуінде бұлар да коммуникативтік мақсатты көздейді. Бұл туралы зерттеуші А.Мұратованың мына пікіріне ден қоймаса болмайды: «Ғалымдардың пікіріне сүйенсек, тілдегі бейвербалды амалдар, біріншіден, бірінің тілін бірі білмейтін халықтардың арасындағы қатынас құралы қызметін атқарады. Мысалы: «бас бармағын» көрсету ишараты қазақ және орыс, қытай, корей, Ұлы Британия халықтары тілдерінде «жарайсың», «керемет», «күшті», «тамаша» сияқты сөздерінің орнына қолданылса, Австралия, Жаңа Зеландия елдерінде осы мағынасымен қатар «барлығы жақсы» және көлікті тоқтату кезінде қолданған. Аталған ым-ишараттар барлық елде бірдей мағынада қолданылмайды. Мәселен, Болгарияда адам басын шайқау арқылы «иә» дегенді білдіріп, басын изеу арқылы «жоқ» дегенді білдірген. Арабтар «жоқ» дегенді білдіргенде басын артқа шалқайтып, таңдайын қағады, малайлықтар тек көзін ғана жұмады» [7, 90].

Ал зерттеуші С.Мағжан бейвербалды амалдардың екінші тілді меңгеру кезіндегі артықшылықтары туралы: «Тіл ауыстырғанда ым-ишараттың да атауы ауысып отырады. Р.Бирдвистел XX ғасырдың 30-40 жылдары Нью-Йорк қаласының мэрі Фиорелло Ля Гуардиоға ұзақ уақыт бақылау жүргізеді. Үш тілде – ағылшын, идиш және итальян тілдерінде еркін сөйлеген оның тіл ауыстырғанда кинесикалық және паратілдік әрекеттері де өзгеріп отырғанын байқаған. Тіпті бейвербалды кодтың ауысуы, екінші бір вербалды тілге ауысқандай табиғи болғанын айтады. Бірқатар зерттеушілер жаңа дене тілін игеру процесі жаңа тілді игеруден біршама баяу өтетінін аңғарған. Берлин қаласындағы Техникалық университеттің семиотика кафе-драсының бір топ неміс ғалымдары Р.Познер, Р.Крюгер, Т.Ноль, М.Серенари неміс тілін жаңа неміс дене тіліне қарағанда бұрын меңгеріп алған.

Табиғи тіл мен дене тілінің ортақ ұқсас-тықтары барына қарамастан, өзіндік функционалдық айырмашылықтары бар. Бұл, әрине, оларды бір нәрсе деп қарамауға мүмкіндік береді», – дей келіп [8, 271-272], бейвербалды амал мен тілдің айырмашылықтарын көрсетіп береді. Зерттеушінің пікірінше, біріншіден, табиғи тілді тұтынушыларда форма, мағына және тілдік бірліктерді қолдануына қатысты қандай да бір келісім болады, яғни сол тілді меңгерген индивид (адам) тілдің мән-мағынасы, мәтіндегі қолданысы, жалпы, дұрыс қолдану ережелері жайлы түсіндіріп бере алады. Ал бейвербалды амалдарда мұндай тұрақтылық болмайды, яғни ол (бейвербалды амал) ситуацияға қарай өзгеріп отырады. Екіншіден, дыбыстық тіл механизмі таңбалық тіл механизміне қарағанда қалыптасқан. Үшіншіден, дыбыстық тіл құлақпен, ал таңбалық тіл көзбен қабылданады. Сондықтан бейвербалды амалдардың экспрессивтік сипаты белсенденіп отырады.

Паратілдік амалдардың күнделікті коммуникативтік актіге сіңісіп кеткені сонша, тілді тұтынушы әрбір адам мұның кез келгенін спонтанды түрде қолдана береді. Ал көркем әдебиет үлгілерінде ұшырасуына қарап, бейвербалды амалдардың сөйлеу әрекеті кезінде іске асатын, яғни сөйлеу тілінің ажырамас бөлшегіне айналғанын аңғару қиын емес. Сондықтан болуы керек, паратілдік құралдар терминологиялық сөздіктерде ақпараттық код есебінде түсіндіріліп келеді: «...невербальные (неязыковые) средства, включенные в речевое сообщение и передающие, вместе с вербальными средствами, смысловую информацию» [9, 367].

Сондай-ақ қазақ тіл білімінде бейвербалды амалдар (мейлі таңба, мейлі ым-ишара) дыбыстық сөйлеу кезіндегі көмекші құрал ретінде қызмет етеді делінсе, енді бір зерттеушілер жағдаятқа қарай кейде дыбыстық сөйлеуден де тиімді екенін атап өтеді. Мәселен, зерттеуші С.Бейсембаева көмекші құрал екенін негізге алған: «В живое речевое общение вплетено множество обстоятельств, сопровождающих как целое высказывание, так и его фрагменты, причем неязыковые факторы лишь сопутствуют речи. Все неязыковые факторы играют вспомогательную роль в общении, язык же – главную, причем для него

всегда открыта возможность использовать для сообщения только собственные средства» [10, 189].

Ал зерттеуші А.Мұратова бейвербалды амалдардың сөйлеу тіліндегі көмекшілік қызметінен гөрі артықшылығын алдыңғы орынға қоятын сыңайлы: «Адам баласының ақпаратты жеткізу үшін қолданатын материалдық объектісі – таңба. Қарым-қатынас құралы ретінде жұмсалатын таңбалардың тілдегі қандай да бір семантикамен алмастырылып, белгілі бір мағынамен қабылданатыны белгілі. Дыбыс тілі қатынас құралының ең маңызды түрі болғанымен, оны қолдану әрқашан тиімді бола бермейді. Сондықтан да өмірде басқа таңбаларды шығару, пайдалану қажеттігі туындайды» [11, 51]. Дегенмен автор бейвербалды амалдардың коммуникативтік акт кезінде көмекші, яғни қосалқы қызмет атқаратынын да жоққа шығармайды.

Сайып келгенде, бейвербалды амалдар тілдің төңірегінде ғана маңызды болмақ. Себебі олардың семантикасы тіл арқылы ғана қабылданады. Бұл мәселе отандық тіл біліміндегі ғалымдар назарынан да тыс қалмаған. Тілдік коммуникация жөнінде арнайы зерттеу жүргізген ғалым Ф.Оразбаева: «Таңбалардың барлығының мағынасы тіл арқылы айқындалады және тілге «аударылады». Мысалы, транспорт сигналдарының мағынасын дыбыстық тілдегі оның аудармасы арқылы ғана түсініп білеміз. Светофордың қызыл түсті жарығы – «тоқтаңыз» деген белгі. Мұны білмейтін адамға ол қызыл түсті жарық қаншама жарқыраса да, еш нәрсені хабарлай да, аңғарта да алмайды», – дейді [6, 87]. Осы ретте ғалым К.Ахановтың: «Барлық таңбалар жүйесі, сайып келгенде, дыбыстық тілге негізделеді. Шартты таңбалардың барлығының да мағынасы тіл арқылы айқындалады және дыбыстық тілге аударылады», – деген пікірі орынды айтылған [12, 75]. Авторлардың «аударма» деп отырғаны – баламасы, яғни кез келген таңбаның дыбыстық тілде семантикалық баламасы болады. Ғалым Ф.Оразбаева көрсетілген еңбегінде: «Сонымен, таңбалардың жүйесі тілге қатысты көмекші құрал ретінде өзіндік мән-мағынаға ие болады. Қандай таңбалардың жүйесі болмасын, ол – адамдардың бір-бірімен өмірдің барлық саласында тілдік қатынас жасайтын; сөйлесім, пікір алысатын құралы», – дей келіп, ешқандай таңбаның тілді ауыстыра алмайтынын ескертеді [6, 87]. Дәл осындай пікір К.Ахановқа да тән. Ғалымның пікірінше, «сөз бен таңба тепе-тең емес» [12, 123].

Анығында, тіл мен оның көмекші құралдарының ақпараттық сапасы бірінің орнына бірі жұмсалғанымен, оларды тең дәрежеде қарастыруға келмейді. Өйткені, жоғарыда келтіргеніміздей, кез келген бейвербалды амалдың семантикасы тіл арқылы қабылданады. Яғни олардың әрқайсысының тілде баламасы бар. Сондықтан зерттеушілердің үнемі тілді алдыңғы орынға шығарып отырғанын түсінуге болады. «Бізді қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстар, олардың әр түрлі белгілері, бір-бірімен қарым-қатынасы адам санасында ойлаудың түрлі формалары: ұғым мен пайымдау түрінде айтылады. Осылар арқылы баянды етіледі. Адам санасында шындық өмірдің бейнеленуі тілсіз іске асуы мүмкін емес. Тіл біздің ойымызды білдіре және баянды ете отырып, бізді қоршаған шындық өмір жайындағы білімімізді сақтаушы болып есептеледі. Тіл объективті дүниедегі заттар мен құбылыстар, олардың сапа, белгілері және бір-бірімен қарым-қатынасы туралы қандай бір ойды болса да айтып жеткізуге икемді болады» [13, 176]. Зерттеушінің пікірінен тілдің коммуникативтік құзыретін жоғары бағалап отырғаны байқалады. Сонымен қатар тілдің танымдық (когнитивтік) қызметін айрықша атап өтеді. Дегенмен мұндай танымдық қызмет бейвербалды амалдарға да тән. Мысалы, бір аңызда бала Мөңке:

– Мына үйдің он ешкісі бар екен, бір үлкен көк серкесі бар екен, қара шолақ иті бар, жалғыз түйесі бар екен, оң көзі соқыр екен, – депті... Әкесі:

– Балам, мұның бәрін қайдан білдің? – деп сұрағанда, ол былайша жауап қайтарыпты:

– Үйдің қонған жерінде ешкінің жатқан орны он екен. Қақ ортасында маңайына ешкімді жолатпай көк серке жатыпты. Оның серке екенін ізінен білдім, жүннің көк екенін орнында қалған қылшығынан білдім.

– Иттің шолақ екендігін қайдан білдің?

– Ит құмда шоңқайып отырған екен. Отырған жеріне шолақ құйрығының ізі түсіп қалыпты және қара қылшық жатыр екен.

Әкесі:

– Түйенің оң көзі соқыр екендігін қайдан білдің? – депті.

– Жолшыбай жолдың сол жағындағы шөпті шалып жеп, оң жағындағы шөпке тимепті, сонан білдім, – депті.

– Әйелінің жүкті екенін қайдан білдің? – дегенде:

– Ол түзге отырған жерінде екі қолын тіреп тұрған екен. Екі қабат күні жақындағанын содан білдім, – деп жауап беріпті Мөңке (Шешендік шиырлар).

Мөңке бидің бала кезіндегі тапқырлығын сипаттайтын бұл аңыздан түрлі белгі мен ізге, нышанға қарап отырып ақпарат алуға болатынын байқаймыз. Бірақ бұл жерде баланың көрген айрықша белгілерін бейвербалды амалдарға шартты түрде ғана жатқызуға болады. Себебі аталған белгілерді қалдырған серке, ешкі, түйе жануарларының коммуникативтік актіге қатысы жоқ. Егер мұндай белгілерді түгелдей бейвербалды амал деп есептейтін болсақ, онда халық тәжірибесіндегі табиғат құбылыстарына қатысты болжамдарды да бейвербалды амал деп қабылдауға тура келген болар еді. Дегенмен бұл аңыз арқылы қандай да бір таңба-белгілер арқылы ақпарат алғанда, халықтың дүниетанымы ерекше рөл ойнайтынын аңғаруға болады. Ал қоғамдық қатынастағы таңба-белгілердің танымдық қызметі арнайы дәлелдеуді қажет етпесе керек.

Осыған қарағанда, бейвербалды амалдар да тілдік тұлғаның (адамның) дүниетанымы мен білім қорынан хабар береді. Түптеп келгенде, қарым-қатынас кезіндегі осындай амалдарды, аялық білімнің бейвербалды көрсеткіштерін зерттейтін паралингвистикалық бағыт та – антропоцентристік парадигманың нәтижесі (Б.Момынова, М.Мұқанов, С.Татубаев, Қ.Қажығалиева, С.Бейсембаева, Ж.Нұрсұлтанқызы, Ж.Өмірәлиева, М.Ешимов). «Кез келген айтылымның мән-мағынасын түсіну үшін сөйлеуші мен тыңдаушыда халықтың өткен тарихынан, рухани дүниесінен хабардар аялық білім болу керек. Бұл тек тілдік қатынасты түсінумен қатар тілсіз қатынастың да мәнін ұғыну үшін қажет. Сондықтан да бейвербалды амалдарды зерттеуде оны аялық біліммен, тіл мен таным сабақтастығы тұрғысынан қарастыру да – лингвистикада назар аударатын тың мәселе» [12, 18]. Сондай-ақ коммуникацияда паралингвистикалық тәсілдер арқылы ақпарат алмасуға прагматиканың тікелей қатысы бар.

Бейвербалды амалдардың түрлері ретінде сөйлеу жағдаятына қарай контексте түрліше реңкке, түрліше семантикада (көпмағыналығы немесе полисемантикасы) жұмсалып отыратынын айттық. Сол сияқты, бейвербалды амалдар қолданыс барысында синоним ретінде жұмсалып да бейім. Мұндайда олардың семантикасы контекст ыңғайына қарай анықталып отырады. Мысалы, көркем мәтінде адамның қуанған сәтін бейнелеу арқылы дыбыстық тіл орнына жұмсалатын кинемаларға санын шапалақтау, бетінен сүю, қолын қысу, арқадан қағу, қол соғу, бөркін аспанға ату, орнынан ыршып түсу, құшақтау т.с.с. жұмсалады. Сол сияқты ашулану эмоциясын білдіруде өңі сұрлану, демін ішіне тарту, қалтырау, көзі ақию, жұдырығын түю, қамшымен жер сабау, көзі қанталау, тізесін немесе жерді тоқпақтау, басын тоқпақтау, тісін шықырлату, тістену, ернін жымқыру, қабақ шыту, шашын жұлу, дірілдеу, қалтырау, қалшылдау, көзіне тік қарау, тесіле қарау, қадала қарау, жеп жіберердей қарау т.с.с. амалдар жұмсалады. Қорқу эмоциясында көзі бағжию, жанарын тайсақтату, көзін жыпылықтату, ерні дірілдеу, даусы дірілдеу, сыбырлау, тізесі қалтырау, қолы қалтырау, қақалып-шашалу, жылау, жүгіру, арақашықтықты белгілі бір мөлшерден асырмау, бетін басу, тұра қашу, қолын көтеру, басын ию т.с.с. амалдар жұмсалады. Толқу эмоциясын білдіруде жылау, даусы не ерні дірілдеу, кемсеңдеу т.с.с. жұмсалады.

Сол сияқты, қазақ мәтіндерінде бейвербалды амал ретінде жұмсалатын түс атаулының да белгілі бір семантикалық аясы бар. Айталық, көк түсі ашулануды білдіреді, мысалы:

Бетінде жалғыз тамшы қан жоқ. Ашудан көкпеңбек боп, булығып алған еді (М.Әуезов).

Қызыл түсі ашулану мен ұялу эмоциясын білдіреді. Мысалы:

– Аға сұлтан! Орныңызды ұмытпаңыз!.. біз екеуімізді де корпус сайлаған, – деп Майыр трубкасын тұтатып алып, түрегеліп үй ішінде әрлі-берлі жүріп кетті. Ашумен қатты қызарып алған еді (М.Әуезов). Бұл мысалдағы қызару ашулануды білдірсе, төмендегі мысалда ұялуды білдіріп тұр:

Өзіне сұқтана қадалғанды сезіп, әредік-әредік жалт етіп қарап қояды. Сол сәтте жүзі қызарып кетеді (Т.Әсемқұлов).

Боз түсі адамның ашулануы мен қорқыныш сезімін білдіреді. Мысалы:

Сұрғылт түсі түнеріп, қатты ашумен қарайып бара жатқан тәрізді. Бетінде түк атаулысы бозғылданып біліне бастады. Осыдан басқа не бір дыбыс, не бір сөзбен сыр берген жоқ (М.Әуезов).

Бақтияр ұсынған жеделхатқа қарап жіберіп, көмекші жігіттің де өңі бозарып сала берді.

– Мәссаған... Кеше ғана сап-сау жүрген Гүлсім апайдың қазаға ұшырағаны ма? (Қ.Жұмаділов).

...Шылдыр ете қалған қалта телефонға құлақ тосқан ананың өңі бозарып сала берді. Арғы жақтан естілген дауыс тым қатқыл секілді (Д.Ахметұлы).

Осы мысалдардың алғашқысында боз сөзі арқылы адресант (жазушы) кейіпкердің ашуланғанын білдіріп тұрса, кейінгі екі мысалда қорыққанын білдіру үшін қолданған.

Ал Сұрғылт түсі түнеріп, қатты ашумен қарайып бара жатқан тәрізді (М.Әуезов) деген сөйлемдегі қара түсі ашылану эмоциясын білдіреді. Жалпы, қазақ көркем шығармаларда кездесетін қара түс адамдардың жағымсыз яки ашулану эмоциясын білдіру қызметінде ғана жұмсалатынын байқадық. Сонымен қатар осы мысалдағы сұр түсі мазасыздану эмоциясын білдіру қызметінде жұмсалған. Бұл түс (сұр) көркем мәтіндерде ашулану эмоциясын білдіру қызметіне де ие. Мысалы:

Құнанбай *сұрланып алды*. Қаратай, Бөжей, Сүйіндік, Байсалдар шетінен томсырап отыр. Үн қатпайды (М.Әуезов).

Кенесары сазарған қалпынан өзгерген жоқ. Қанын ішіне тартып, тіпті сұрланып алды. Ол аяғына жығылып жатқан Арыстанға қарамастан:

– Елін сатқан адам, жылқы ішіндегі маңқамен тең. Өзге жылқыны сау алып қалу үшін оған аяу болмасқа тиісті. Үкім біреу-ақ – өлім! (І.Есенберлин).

Күрең және қарақошқыл түстері ашулану эмоциясын білдіру қызметінде қолданылады. Мысалы:

Ақан ашынғанда сіз деп отырып жұмсақ бауыздамай, сен деп мірдің оғындай ататын мінезіне басты. Батыраштың өңі күреңітіп, қабарып кетті. Күн батып барады. Алаулаған беттің қызылы батқан күнмен бірге сөніп, күн ұясына кіргенде, қарабұжыр бет оттан алып тастаған майысқақ ескі кәкірдей қарақошқылдана қалды (С.Жүнісов).

Сонымен, бұл келтірілгендерден мынадай тұжырым шығаруға болады: біріншіден, бейвербалды амалдардың тамыры тым әріде, яғни оның коммуникативтік қызметі ертеде қалыптасқан; екіншіден, паралингвистиканың нысаны болатын бейвербалды амалдардағы «бейвербал» сөзінің құрамында қазақ тіліне сіңісіп кеткен бей тұлғасы бар, бұл морфема қазіргі грамматикадағы -сыз жұрнағы мен болымсыз есімшелі е көмекші етістігінің семантикасымен барабар қызмет атқарады; үшіншіден, паралингвистика да қазіргі тіл біліміндегі антропоэлекті парадигманың жетістігіне жатады; төртіншіден, бейвербалды амалдарды қолдану және оны түсіну тілдік тұлғаның (адамның) дүниетанымдық ерекшелігін, аялық білім қорының көлемін аңғартады, сөйтіп, когнитивтік тіл білімінің де (танымдық тіл білімі) нысаны болады; бесіншіден, бейвербалды амалдар да коммуникативтік қызмет атқарады; алтыншыдан, бейвербалды амалдар дыбыстық тілмен тең дәрежеде емес, оның (дыбыстық тілдің) көмекші құралдары болып саналады; жетіншіден, бейвербалды амалдардың семантикасы тіл арқылы анықталады, яғни кез келген таңба-белгінің дыбыстық тілде баламасы болады; сегізіншіден, бейвербалды амалдарды зерттеу, яғни ол туралы теория қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдан бастап қолға алынды; тоғызыншыдан, бейвербалды амалдар отандық лингвистикада арнайы зерттеу нысанына алынып, аталмыш тақырып

аясында диссертациялық жұмыстар қорғала бастады; оныншыдан, бейвербалды амалдар мәселесі қазақ тіл білімінде әлі толық зерттеліп біткен жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
2. Момынова Б., Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 136 б.
3. Тіл білімі сөздігі /жалпы ред. басқ. Э.Д.Сүлейменова/. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.
4. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы: 1996. – 417 б.
5. Кенжеқанова К.Қ. Саяси дискурстың прагматингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша): филос. (PhD) докт. ... диссертациясы. – Алматы, 2015. – 187 б.
6. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Оқулық. Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 272 б.
7. Мұратова А.Н. Дыбыстық тілдің көмекші құралдары // ПМУ Хабаршысы. Филология сериясы. №2. – Павлодар, 2010. – Б.89-96.
8. Мағжан С. Ым тілі және табиғи тіл // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №1(135). – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2012. – 356 б.
9. Языкознание: Большой энциклопедический словарь (Под ред. Ярцевой В.Н.). – Москва: «Большая Российская энциклопедия», 1998. – 685 с.
10. Бейсембаева С.Т. Паралингвистические и лексические средства выражения семантики умолчания в немецком языке // эл-Фараби ат. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2007. – №4. – Б.189.
11. Мұратова А.Н. Құпия түсіністің белгілер арқылы берілуі // Сөз және шеберлік: Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2014. – 262 б.
12. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Университеттер мен педагогика институттарының филология факультеттеріне арналған оқулық. Төртінші басылымы. – Алматы, 2002. – 663 б.

Исина Бақытжан Қапанқызы

Қарағанды қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі

КОНЦЕПТУАЛДЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЖАҢА ИДЕЯ ТУЫНДАТУ НЕГІЗІНДЕ ЗЕРТТЕУШІЛІК-ЖОБАЛАУ ДАҒДЫСЫН ДАМУ

Абстракт

Тақырыбы: «Өзгеріс» концептісіне синектика әдісі мен Б.Лукас моделін кіріктіре қолдану 9-сынып оқушыларының коммуникативтік жағдаятқа сай идеяны айқындау және туындату негізінде зерттеушілік-жобалау дағдысын дамытуға қалай әсер етеді?

Зерттеу мақсаты: көркем және көркем емес мәтінді талдауды концептуалды оқыту арқылы жетілдіре отырып, коммуникативтік жағдаятқа сай идеяны айқындау және жаңа идея туындату негізінде оқушы танымын арттырып, зерттеушілік-жобалау дағдысын дамыту.

Зерттеу міндеті:

- идея туындатудағы ой дербестігін қамтамасыз ету, зерттеу-жобалау дағдысын дамыту;
- оқушының идеяны айқындау және туындату деңгейіне мониторинг жүргізу, зерделеме жасай отырып бақылау;
- белгілі бір тақырып негізінде ақпаратты жоспарлап, өңдей алу біліктілігінің қалыптасуына жағдай жасау;
- түрлі өмірлік жағдаятта өз бетімен шешім қабылдау және әрекет жасау, өз тұжырымын дәйектеу және айналасымен өзара қарым-қатынас орнату, әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Маңыздылығы:

Концептіні негізгі тірек ете отырып, мәселені уақыт пен кеңістік аясында қарастырып, көркем және көркем емес мәтіндегі автор позициясы тұрғысынан идеяны айқындау және